



030000, Ақтөбе қаласы,
«Беккұл баба» тұрғын үй алабы
79Б құрылыс

030000, город Актөбе,
жилой массив «Беккұл баба»
строение 79Б

05.09.2023ж.

№ 110

05.09.2023ж.

**«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы»
жұмысын ұйымдастыру,
қызметін жүзеге асыру туралы**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің төрағалығымен өткен кеңестің 2023 жылғы 4 қыркүйектегі №28 хаттамасының 2.4 тармағын, «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатына сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

1. 2023-2024 оқу жылында мектепте «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» (әрі қарай Орталық) жұмысы ұйымдастырылсын.
2. Төмендегі функционалды міндеттермен қоса мектептің ішкі тәртібі бекітілсін:
 - 2.1 Орталық қызметіне басшылық жасау және бақылау мектеп директорына жүктелсін;
 - 2.2 Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.К.Жетруоваға:
 - ата-аналар, білім алушылар мен педагогтердің мониторингке қатысуын қамтамасыз ету;
 - Орталық аясында өтетін сабақтардың кестесін жасап, бекіту.
 - Орталық қызметі туралы ақпаратты жоғары уәкілетті органдарға уақытылы жеткізу жүктелсін.
 - 2.2 Директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары М.К.Султановқа:
 - Орталық қызметін ұйымдастыруда оқу кабинеттерін педагогтерге бекіту, ата-аналармен сабақ өтуі үшін қажетті жабдықтармен қамтамасыз ету, техникалық қызметкерлердің жауапкершілігін күшейту, сабақ өтуі барысында санитарлық-гигиеналық талаптар мен мектепке бөгде адамдардың кірмеуін қамтамасыз ету жүктелсін;
 - 2.3 Мектеп кітапханашысы Г.Ш. Малсақбаеваға:
 - 2.4 педагогтер мен сынып жетекшілерге ата-аналармен сабақ өтуге қажетті әдебиеттермен қамтамасыз ету жүктелсін.
- 3 2023-2024 оқу жылына Орталық сабақтарының Бағдарламасы вариативті компонентті таңдау мүмкіндігімен және ата-аналарға сабақ беру бағдарламасының 20-30% әзірлемесі құрастырылып, контенттің мазмұнын сапалы құрылсын, педагогикалық кеңес отырысында бекітілсін.
- 4 Орталық жұмысы мектептің тәрбие жоспарына «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» қызметі негізінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттесуі жаңа бағыты енгізілсін.
- 5 Орталық қызметін мектепшілік бақылауға алу, мектепшілік бақылау жоспарының бөліміне, тармағына өзгерістер енгізу мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары А.Б.Аблаеваға жүктелсін.
- 6 Орталық жұмысы аясында «Даналық мектебі» клубының жұмысы ұйымдастырылып, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Г.К.Жетруоваға жүктелсін.

7. Педагогтерге ата-аналарға арналған сабақ бағдарламасының вариативті компонентінің әзірлемесін құрастыруға әдістемелік қолдау көрсету директордың әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары Г.М.Жұбаниязова жүктелсін.

8. Орталықтың жұмысының мақсаты мен міндеттері туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу, ата-аналардың қатысуын қамтамасыз ету, ата-аналар жиналыстарында Орталық жұмысының тәжірибесімен таныстыру директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Г.К.Жетруова, Орталықтың жұмыс тобына жүктелсін.

9. Орталық қызметі туралы БАҚ мен әлеуметтік желілерде, мектеп сайтында жариялансын, бірлескен табысты тәжірибе таратылып, Орталық қызметіне мектептің өзін-өзі басқару ұйымы, қоғамдық ұйымдар мен мектептің Қамқоршылық кеңесі, әлеуметтік серіктестер мен демеушілер тартылсын.

10. Мектеп әкімшілігі мен педагогикалық ұжым ата-аналардың облыстық, республикалық форумда тәжірибе таратуға және Орталық қызметінің нәтижелігін арттыру бойынша жұмыстарға белсене қатыссын.

11. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме қалдырылсын.

Мектеп директоры:  О.А. Бегжанов

Таныстырылды:

Жетруова Г.К.

Аблаева А.Б.

Жұбаниязова Г.М.

Мамсағбаева Т.Ш.

Султанов М.К.

Султанов



Бекітемін
Мектеп директоры: О.И. Бегжанов

"Ата аналарды қолдау орталығының" қызметін ұйымдастыру мақсатында Өткізетін іс-шаралардың жылдық жоспары 2023-2024 оқу жылы

Мақсаты: балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналарды немесе заңды өкілдерді педагогикалық қолдау бойынша әдістемелік ұсынымдар балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселесі бойынша мектептің ата-аналармен қарым-қатынасын күшейту, сондай-ақ берекелі отбасы мәдениетін дамыту.

Ата-аналарды педагогикалық қолдаудың міндеттері:

1. балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, психологиялық және әлеуметтік құзыреттерін дамытуда ата-аналарға жүйелі педагогикалық қолдауды ұйымдастыру;
2. балаларды тәрбиелеу мен дамытуда білім беру ұйымы мен отбасы арасындағы өзара іс-қимылды нығайту;
3. балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналардың жауапкершілігін арттыру.

№	Тақырыбы	Мазмұны	Мерзімі	Өткізу форматы	Жауапты орындаушы
1-4 сынып оқушыларының ата-аналарын педагогикалық қолдау бағдарламасы					
1.	Отбасы – бақыт бесігі	Отбасында жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру: ата-ананың балаға назар аударуы, қолдау, позитивті қарым-қатынас, өзара түсіністік, сенімге құрылған қарым-қатынас	Қазан	Ақпараттық видео	ДТІЖО Жетруова Г.К. Психолог: Уринбаева А.Ж. Қожабаева Г.Ж. Сынып жетекші: Тажибаева Ж.Ж.
2.	Таным қуанышы: баланың қызыға оқуына қалай көмектесеміз?	Баланың есте сақтау қабілетін, зейінін, ойлауын және қарым-қатынас жасау дағдыларын ұлттық мәдениет негізінде дамыту әдістері	Қараша	Ата-аналар жиналысы	ДТІЖО: Жетруова Г.К. Сынып жетекшілер: Матаева А.С. Юшко Н.В.
3.	Әрбір бала – жарық жұлдыз	Баланың ерік-жігері мен мінезін ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу	Желтоқсан	БАҚ жариялау	ДТІЖО: Жетруова Г.К. Сынып жетекшілер: Лдатова Ж.А. Жаманова К.Е.
4.	Баланы жастан...	Балалар мен ата-аналарға арналған ұлттық және отбасылық интеллектуалдық ойындар.	Қаңтар	Ата-аналар жиналысы	ДТІЖО: Жетруова Г.К. Сынып жетекшілер Тайшыбаева Ш.Р. Айтжанова Н.Б.
5.	Балалардың компьютерлік ойындарға	Компьютерлік ойындарға балама ретінде: спорт, белсенді ойындар, шығармашылық, оқу,	Ақпан	Салауатты белсенділік айлығы	ДТІЖО: Жетруова Г.К. Сынып жетекшілер Тайбақанова М.Ж.

	тәуелділігін қалай жеңуге болады?	серуендеу, театр және т. б.			Жұмахметова Т.Ж.
6.	Әкені көріп ұл өсер, шешені көріп қыз өсер	1. Балаға жақсы әдеттерді үйрету. 2. Балапан ұядан не көрсе, ұшқанда соны іледі.	Наурыз	Тренинг	ДТІЖО:Жетруова Г.К. Сынып жетекшілер Кайынбаева Г.К Оспанова А.К.
7.	Сенім арту - жетістік кепілі. Қиын жағдайда баланы қалай қолдау керек?	Жағдайды шешуде баланың күшті жақтарына сүйену	Сәуір	Ата-аналар жиналысы	ДТІЖО:Жетруова Г.К. Психолог : Уринбаева А.Ж. Қожабаева Г.Ж. Сынып жетекшілер: Жайбергенова Г.Ж
8.	Тәлімменен өрілген біздің дәстүр	Ұлттық дәстүрлер мен отбасылық дәстүрлердің сабақтастығы	Мамыр	Дөңгелек үстел	ДТІЖО:Жетруова Г.К Доскалиева Ж.О. Алдиярова Г.К

5-9 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АТА-АНАЛАРЫН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ БАҒДАРЛАМАСЫ

1.	Позитивті тәрбие	Позитивті ата-ананың ерекшеліктері: жағымсыз көңіл-күйден жағымды эмоциялардың басым болуы; жасөспірімнің бойындағы ізгі қасиеттерге назар аудару, күшті және жағымды мінез-құлық қасиеттерін дамыту	Қазан	Әлеуметтік желілерге жариялау	ДТІЖО Жетруова Г.К. Психолог: Уринбаева А.Ж. Қожабаева Г.Ж. Сынып жетекші: Ильясова Б.Т
2.	Ақыл айтпа, жол көрсет «Оқырман отбасы»	Өзінді өзің сыйламасан, өзгеден сый дәмепте. Бейімделу процесіне жасөспірімнің өзін-өзі бағалауының әсері	Қараша	Ата-ана оқулары Ата-ана жиналысы	ДТІЖО:Жетруова Г.К Кітапханашы: Малсақбаева Г.Ш.
3.	Балаға үйрету: ақылыңды мейірімге орап бер	Жасөспіріммен қалай қарым-қатынас жасау керек, конструктивті келіссөздер	Желтоқсан	Дөңгелек үстел	ДТІЖО:Жетруова Г.К Әлеуметтік педагог: Алдиярова Г.К.
4.	Бұлақ көрсен, көзін аш.	Қазіргі отбасында балалар шығармашылығын дамытудағы ұлттық ойындардың маңызы	Қаңтар	Ата-ана жиналысы	ДТІЖО:Жетруова Г.К Сынып жетекшілер: Сүйеуова А.М. Жасанова А.Ж.
5.	Жасөспірімнің желідегі әрекеті	Ата-ананың жасөспірімді кибербуллингтен және интернет кеңістігіндегі қауіпті көздерден қорғау алгоритмі	Ақпан	Ақпараттық стенді жасау	ДТІЖО Жетруова Г.К. Психолог: Уринбаева А.Ж. Қожабаева Г.Ж. Сынып жетекші: Ильясова Ж.Т.
6.	«Әр нәрсенің өлшемі бар...»	Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу	Наурыз	Арнайы мамандармен кездесу	ДТІЖО Жетруова Г.К. Мектеп инспекторы:
7.	Жасөспірім	Жасөспірімдер арасындағы	Сәуір	Ата-ана	ДТІЖО Жетруова Г.К.

	мінезінің ерекшеліктері	қақтығыстар. Қорқыту. Әдепсіз өскен адамнан, тәртіппен өскен тал жақсы		жиналысы	Психолог: Уринбаева А.Ж. Қожабаева Г.Ж. Сынып жетекші: Сейлова А.Ж.
8.	Отбасы құндылығы - сарқылмас қазына	Бабалар дәстүрі - ұрпаққа өсиеті - отбасының құндылығы ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан дәстүрлерді талқылау және қолдану	Мамыр	Ата-аналар мен балалардың қатысуымен мәдени іс-шара	ДТІЖО: Жетруова Г.К. Медиатор: Абилдаева Б.Ә. «Шолпы» қыздар клубының жетекшісі

10-11 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АТА-АНАЛАРЫН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ БАҒДАРЛАМАСЫ

1.	Боламын деген баланың бетін қақпа, белін бу...	Позитивті ата-ана тәрбиесі – жоғары сынып оқушысының өз болашағын өз бетінше құруға қалауы мен қабілетін қолдау	Қазан	БАҚ жариялау	ДТІЖО: Жетруова Г.К. «Қоғам тірегі» директоры: Анапин Д.Ж. Ардагер ұстаз: Тилегенова М.Т.
2.	Балаға мамандық таңдауға қалай көмектесуге болады?	<i>Ұлы жол үйіңнің табалдырығынан басталады.</i> Балаңызға мамандық пен кәсіп түрлерін таңдауда қалай көмектесуге болады	Қараша	Ата-ана жиналысы	ДТІЖО: Жетруова Г.К. Медиатор: Абилдаева Б.Ә.
3.	Көркем мінез – баға жетпес байлық	Өсіп келе жатқан балалармен қарым-қатынас мәдениеті	Желтоқсан	Бейне жазба	ДТІЖО: Жетруова Г.К. Сынып жетекшілер: Султанғалиева И.Н. Қайназар Ж.Қ.
4.	Жоғары сынып оқушыларының дамуындағы тәуекел аймақтары	<i>Сынықтан өзгенің бәрі жұғады.</i> Тәуелділіктің алдын алу шаралары	Қаңтар	Ата-ана жиналысы	ДТІЖО Жетруова Г.К. Психолог: Уринбаева А.Ж. Қожабаева Г.Ж. Сынып жетекші: Шабикова М.Е.
5.	Әлеуметтік желілер және ғаламтор кеңістігі: жоғары сынып оқушыларының қауіпсіздігі	Жоғарғы сынып оқушыларының ойынға тәуелділігін диагностикалау	Ақпан	Сауалнама	ДТІЖО Жетруова Г.К. Информ. пәні мұғ. Тулегенова Г.Б. Сынып жетекші: Тайбаканова М.Ж.
6.	Күйзелісті жеңуге көмектесеміз	Агрессия, депрессия, суицидтік мінез-құлық және стресстің басқа да экстремалды көріністері	Наурыз	Тренинг	ДТІЖО Жетруова Г.К. Психолог: Уринбаева А.Ж. Қожабаева Г.Ж. Сынып жетекші:

					Мусина Ш.Д.
7.	Сүйіспеншілік – сыйластық кілті	Жоғары сынып оқушысымен «арнайы» тақырыптарда қалай сөйлесуге болады	Сәуір	Ата-ана жиналысы	ДТІЖО Жетруова Г.К. Сынып жетекшілер: Құлшымбаева Қ.Б. Сейлова А.Ж.
8.	Ұрпақтан ұрпаққа берілетін отбасылық дәстүрлер мен құндылықтары	Қазіргі құбылмалы қоғамда отбасылық дәстүрлерді сақтау	Мамыр	Танымдық сабақ	ДТІЖО Жетруова Г.К. Аналар кеңесінің жетекшісі: Доскалиева Ж.О. Әжелер мектебі
	Мониторинг жүргізу	Ата-аналарды педагогикалық қолдау бойынша жүргізіліп жатқан жұмысқа мониторинг жүргізу	Маусым	Анықтама	Бегжанов О.И. Жетруова Г.К.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Жетруова Г.К.



030000, Ақтөбе қаласы,
«Бекқұл баба» тұрғын үй алабы
79Б құрылыс

030000, город Актобе,
жилой массив «Бекқұл баба»
строение 79Б

«22» 09.2023 жыл

№ 117

«22» 09.2023 год

«Біртұтас тәрбие бағдарламасын» енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы 19 қыркүйектегі № 294 бұйрығы, Ақтөбе облысы білім басқармасы ММ-нің 2023 жылғы 20 қыркүйектегі № 398 бұйрығына және «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ 2023 жылғы 21 қыркүйектегі № 303 бұйрығына сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

1. 2023-2024 оқу жылынан бастап мектептегі тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасы оқу – ағарту министрлігінің 2023 жылғы 19 қыркүйектегі № 294 бұйрығымен бекітілген «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» басшылыққа ала отырып, жүргізілсін.
2. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.К.Жетруоваға: «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» 1-11 сыныптарының жетекшілеріне түсіндірме жұмыстары жүргізілсін.
 - 2.1. 1-11 сыныптарының тәрбие жұмысы жоспарларына «Жолда жүру ережелері» оқыту курсы кірітіріліп құрылып, бекітілсін.
 - 2.2. Мектептің тәрбие жоспарына жобалар кіріктіріліп енгізілсін: «Оқуға құштар мектеп», «Ұшқыр ой алаңы» дебат қозғалыстары, «Жеткіншектің жеті жарғысы», «Балалар және театр», «Ұлттық мектеп лигасы», «Ғаламтор қауіпсіздігі», «Еңбегі адал жас өрен», «Төрт тоқсан- төрт өнер», «Тоғыз ай- тоғыз іс шара», «Ата-аналар мектебі» жобалары. «Мектеп парламенті» өзін - өзі басқару ұйымының жұмыстары жұмыс барысында іске асырылып, жалғастырылсын;
3. Класс жетекшілер бірлестігінің жетекшісі Ж.Ж. Тажибаеваға Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылдың 19 қыркүйектегі № 294 бұйрығымен бекітілген «Біртұтас тәрбие бағдарламасын», Ақтөбе облысының Білім басқармасының ММ-нің 2023 жылдың 20 қыркүйектегі № 398 бұйрығы және «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ 2023 жылғы 21 қыркүйектегі № 303 бұйрығына сәйкес 2023-2024 оқу жылына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру жөніндегі кешенді жоспарға сәйкес 1-11 сыныптар бойынша сынып сағаттарының жоспарлануын және әр кластың ерекшелігі ескеріліп құрылуын қадағалап, әдістемелік сүйемелдеу жұмыстары жүргізілсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.К. Жетруоваға жүктелсін.

Мектеп директоры:  Г.К. Бегжанов





Бекітемін: _____
Мектеп директоры: **О.И.Бейжанов**

**Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру» бойынша
№ 76 жалпы орта білім беретін мектептің мемлекеттік құзырлы органдармен бірігескен
2023-2024 оқу жылына арналған
КЕШЕНДІ ЖОСПАРЫ**

2023 ж.